

## 2010 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғалуына көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 46 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 наурызда № 9-20-173 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар белгіленсін:
  - аз қамтылғандар;
  - жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
  - балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
  - кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелейтін жалғызділікті көп балалы ата-аналар;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртібі бойынша асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған тұлғаларды
  - күтетін азаматтар;
  - жасы бойынша зейнеткерлікке шығуға (екі жыл қалған зейнеткерлік жасына дейінгі)
  - ) тұлғалар;
  - мүгедектер;
  - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған тұлғалар;
  - бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
  - босатылған тұлғалар;
  - оралмандар;
  - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдардың түлектері;
  - заң тұлғаны – жұмыс берушілерінің жоюға немесе жеке тұлғаны – жұмыс берушінің әрекет тоқтатуға босатылған тұлғалар, жұмыскерлердің штатты немесе саны
  - қысқартуға байланысты;
  - жоғары, орта- арнайы, кәсіптік білімін, және дайындау курс оқуын бітіргеннен
  - кейін, жұмыс өтілі жоқ түлектер;
  - ұзақ уақыт (жылдан артық) жұмыс істемейтін азаматтар;
  - жиырма бір жастан бастап жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
  - жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту мәселелер жөніндегі өкілеттік органда

тіркелген 50 жастан үлкен тұлғалар.

2. Федоров селосы және селолық округтердің әкімдері "Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды жұмысқа орналастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар қабылдасын;

2) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетуді қамтамасыз етсін;

3) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О. Ф. Федороваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Федоров ауданының әкімі

А. Корниенко

КЕЛІСІЛДІ:

"Федоров аудандық жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Т. Волоткевич

26 қаңтардағы 2010 жыл

"Федоров ауданының экономика және қаржы  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

В. Гринак

26 қаңтардағы 2010 жыл